

Қарақия ауданының Құрық ауылы бойынша өткізілетін жергілікті  
қоғамдастық жиналысының  
**ХАТТАМАСЫ**

№04

**Құрық ауылы**

**08 желтоқсан 2025 жыл**

**Төрағалық етуші:** Бекжанов Салимжан Амирханұлы

**Қатысқандар:** Құрық ауылы әкімі С.Есенкелдіұлы, қоғамдық мүшелері:  
Ж.Балманов, Г.Тұмақабаева, Ә.Танатаров, А.Қосыбаев және ауыл  
тұрғындары

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары -Үкімет аппаратының басшысы Ғ.Қойшыбаевтың 15.10.2025 жылғы № 16-02/04-720-2/25-01-15.2 п. 2.4 тапсырмасын орындау мақсатында қызмет бабында қаза тапқан қызметкерлердің есімдері ұлықталуы тиіс.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескерту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жұмыстардың басталуына «Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқарамасы» мемлекеттік мекемесі ықпал етуін сұраған.

**Сөйлеу:**

**1. С.Бекжанов – төраға,**

Ауыл бойынша жасалынатын жұмыстардың жұмыс жобасы өте орынды. Әділет Тұрсынбеков Маңғыстау облысы Полиция департаменті Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының жедел уәкілі, полиция аға лейтенанты. 1986 ж. Ақтау қаласында дүниеге келді. Ол 2008 ж. ҚР ПМ Академиясын «заңгер» мамандығы бойынша бітірді. 2008-2009 жж. Ақтау қаласы ПБ тергеу бөлімінің жеке тұлғаға қарсы аса қауіпті қылмыстарды тергеу бөлімшесінің тергеушісі қызметін атқарды. Жедел басқару

орталығының инспекторы, Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы қылмыстық қауымдастықтарды әшкерелеу бөлімінің жедел уәкілі лауазымдарында қызметін атқарды.

2. **М.Сарсенғали – комиссия мүшесі**, Ә.Тұрсынбеков 2011 жылғы 07 қарашада қызмет борышын атқару кезінде қылмыскерлердің қолынан қаза болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 қазандағы №17 Жарлығымен қызметтік борышын үлгілі атқарғаны, мемлекет пен азаматтардың мүдделерін қорғау кезінде көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін Ә.Тұрсынбеков «Ерлігі үшін» мемлекеттік медалімен марапатталды.

### Шешім етеді:

Құрық ауылы жергілікті қоғамдастық мүшелері Қарақия ауданы Құрық ауылының атаусыз көшесін – «Әділет Тұрсынбеков көшесі» деп қайта атау туралы ұсыныс дұрыс деп есептейміз және қолдаймыз деп шешті. Шешімнің орындалуын бақылау жасау ауыл әкімі С.Есенкелдіұлына міндеттелсін.




















Комиссия төрағасы 

С.Бекжанов

Хатшы: 

Л.Жузбаева

### Қолдаймыз:

- |  |  |
|--|--|
| 1. Сарсенғали Марке Жауырған  |  |
| 2. Әміржанбаев Ринур          |  |
| 3. Каппаев Омар                 | 14. Жарманов З.     |
| 4. Мурабаева Мартан             | 15. Колотов А.      |
| 5. Ізбасаров Бекбол             | 16. Дамшев Н.       |
| 6. Қашықов Саи                  | 17. Қашықов С.      |
| 7. Сомаңдау Маура               | 18. Әзімжанбаев Б.  |
| 8. Әміржанов Иман               | 19. Дарқанбаев Т.   |
| 9. Қыбасова Әміметкен           | 20. Сағиев А.       |
| 10. Батырбаев Жақсаят           |  |
| 11. Әміржанбаева Құмарал        |  |
| 12. Кенесариева Меруерт         |  |
| 13. Әсетқалиев Сәткер           |  |